

**Кафедра «Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық»
Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус)
Білім беру бағдарламасы «Жалпы медицина»**

1.	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пән коды: KDSKDE 2202-1	1.6	Оқу жылы: 2021-2022
1.2	Пәннің атауы: «Қоғамдық денсаулық сақтау және денсаулық сақтаудағы этика»	1.7	Курс: 2
1.3	Реквизитке дейінгі: молекулярлық биология және медициналық генетика	1.8	Семестр: IV
1.4	Реквизиттен кейінгі: Клиникалық эпидемиология, клиникаға кіріспе	1.9	Кредиттер саны (ECTS): 5
1.5	Цикл: БП	1.10	Компонент: ТК
2.	Пәннің сипаттамасы (150 сөзден аспау қажет)		
<p>Қоғамдық денсаулық - қоғамның салауатты өмір салтын ұстану, аурулар мен жарақаттардың алдын алу, қоршаған ортаның қолайсыз факторларының әсерін болдырмау үшін, қоғамның күш-жігерін көрсететін халықтың физикалық, психикалық және әлеуметтік жағдайының кешенді сипаттамасы.</p> <p>Медициналық этика (лат. <i>ethica</i>, грек тілінен алғанда <i>ethice</i> – адамгершілікті зерделеу), бұл – медициналық қызметкерлердің кәсіби міндеттерін орындау барысындағы этикалық нормалар мен қағидаттар жиынтығы. Этика тарихы, оның даму алғышарттарын (концентрациялық лагерін, жедел лагерлік прогресті, жедел медициналық прогресті, органдарды трансплантациялауды, генетиканың дамуды, азаматтық құқықтар қозғалысын) зерттейді. Сондай-ақ, биоэтика ұғымы дәрігер мен науқас арасындағы қарым-қатынас негізінде.</p>			
3.	Жиынтық бағалау түрі		
3.1	Тестілеу V	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	ОҚКЕ/ ОҚТЕ немесе тәжірибелік дағдыларды қабылдау	3.8	Басқа (көрсету)
4.	Пәннің мақсаттары		
<p>Қоғамдық денсаулық сақтауда саласындағы белгілі бір іс шаралардың, стратегиясы мен саясатының этикалық аспектілерін анықтау, негізгі этикалық қағидаларды қоғамдық денсаулық сақтауда қолдану (халықтың нысаналы топтарын бөліп жармай қарау және адам ресурстарын басқару), сонымен қатар денсаулық сақтау мен медицинадағы негізгі мәселелердің басқа әлеуметтік салалармен ара қатынасын зерттеу және талдау.</p>			
5.	Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)		
1ОН	<ul style="list-style-type: none"> – этика негіздері мен денсаулық сақтау дағы заңнаманы біледі; – қоғамдық денсаулық сақтаудағы ұйымдастыру, жоспарлау және басқару негіздерін біледі; – науқастардың құқықтары мен міндеттерін біледі; – денсаулық сақтау саласындағы құқықтар мен міндеттерді, олардың қауіпсіздік кепілдіктерін біледі 		
2ОН	<ul style="list-style-type: none"> – халықтың денсаулығының экономикалық тиімділігін талдауды жүргізеді; – қоғамдық денсаулық сақтау проблемаларын шешу үшін сандық зерттеу әдістерін қолданады; – денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелерін тұжырымдай алады және оларды шешу әдістемесін әзірлейді; – халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығына және халықтың денсаулығын қорғау туралы зерттеулер жүргізеді. 		
3ОН	<ul style="list-style-type: none"> – денсаулықты басқару жүйесін жетілдіру үшін дәлелдерді қалыптастырады; – денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелер туралы дәлелдер жасайды және оларды шешеді; 		



	– этикалық және құқықтық нормаларды сақтай отырып, жанжалды жағдайларды шешеді.				
4ОН	– жеке пайымдауларды, реферат және презентация жасауды, жобаны және тәжірибелік оқытуды, студенттік үйірмені, студенттік ғылыми-зерттеу конференцияларында ұсынады және, т.б..; – денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастық, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың экономикалық және құқықтық базаны ұйымдастыру ережелерін түсіндіреді				
5ОН	– медициналық заңнамамен денсаулық сақтаудағы санитарлық-эпидемиологиялық қызметтуралы интеграциялау сұрақтарды қарастырады; – науқас пен дәрігердің, науқас пен науқастың, дәрігердің, дәрігердің, басқа медицина қызметкерлерінің арасында медициналық құпияны сақтай отырып, өзара қарым-қатынас жасау этикасының қағидаттарын тиімді қолданады.				
5.1	Пәннің оқыту нәтижелері	Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері			
	1ОН 2ОН 3ОН	6ОН Балалар мен ересектер психологиясының ерекшеліктерін, мультикультурализмді, медициналық этика және деонтология қағидаларын сақтай отырып, медициналық практикада тиімді байланысады.			
	4ОН	7ОН Ақпараттық технологияларды денсаулық сақтау саласында қолдана алады, міндетті медициналық сақтандыруды енгізу принциптеріне ие. Медицина саласында ақпараттық және ақпараттық технологияларды тиімді қолданады.			
	5ОН	8ОН Медициналық практикада және зерттеулерде ғылыми принциптерді, әдістер мен білімдерді қолданады. Үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу мен дамытуға қабілетті. Клиникалық тәжірибеге жаңа әдістерді енгізуге қабілетті			
6.	Пән туралы толық ақпарат				
6.1	Өткізу орны (ғимарат, аудитория): Әл-Фараби алаңы 3, ОҚМА-ның №2 оқу ғимараты, ОҚМА АҚ, 5-қабат, 511-519а ауд. Телефон: 408222 (ішкі. 121) www.ukma.kz				
6.2	Сағаттарының саны.	Дәріс	Тәжір. сабақ	Зерт.са бақ	СӨЖ
		15	35	-	70
					ОСӨЖ
					30
7.	Оқытушылар туралы мәліметтер				
№	Т.А.Ж.	Дәрежесі және лауазымы	Электрондық адресі	Ғылыми қызығушылықтары және т. б..	Жетістіктері
1.	Бейсембаева Зәуре Игоровна	м.ғ.к., доцент м.а.	iqogovna.z@mail.ru	Шымкент қаласындағы қорғасын өндірісіндегі жұмысшылардың денсаулық көрсеткіштеріне гигиеналық факторлардың әсерін сандық түрде бағалау.	30-дан аса мақаланың, 1 оқу құралы мен 1 оқулықтың авторы.
2.	Толтаев Бакытжан Санақұлович	м.ғ.к., доцент м.а.	Toltaev73@mail.ru	Қоғамдық денсаулық сақтаудың өзекті мәселелері.	20 мақаланың авторы.
3.	Несипбаева Замзагүл Жолдасбекқызы	аға оқытушы, магистр	Zamza_83n@mail.ru	«Қатерлі ісіктерден туындайтын жоғары өлім көрсеткіші	6 мақаланың авторы.



				қалыптасқан ауыл тұрғындарының орташа өмір сүру ұзақтығын жетілдірудің ғылыми негіздері».		
4.	Серикпай Салтанат Смаиловна	аға оқытушы, магистр	saltanatserikpαι@mail.ru	Қоғамдық денсаулық сақтаудың өзекті мәселелері.	12 мақаланың авторы.	
5.	Отызбаева Нуржамал Әлімханқызы	оқытушы, магистр	nur_nur9191@mail.ru	Қоғамдық денсаулық сақтаудың өзекті мәселелері.	10 мақаланың авторы.	
8. Тақырыптық жоспар						
Апта/ күн	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Сағат саны	Оқыту технологиясының формасы / әдістері	Бағалау әдістері/ формалары
1/1	Дәріс. Қоғамдық денсаулық сақтаудың құқық негіздері. Тұрғындарға көрсетілетін медициналық көмектің түрлері, қағидалары.	Қоғамдық денсаулық сақтау түсінігі. Қоғамдық денсаулық сақтаудың құқықтық негіздері. ҚР-дағы медициналық көмектің түрлері.	1ОН	1	Шолулық	
	Тәжірибелік сабақ. Демографияның медициналық және әлеуметтік аспектілері. Демографиялық көрсеткіштерді есептеу және талдау. Халық денсаулығын кешенді бағалау.	Демография және демографияның медициналық-әлеуметтік аспектілері. Демографиялық көрсеткіштерді есептеу және талдау принципі. Халықтың денсаулығын кешенді бағалау.	1ОН	2	Оқу кейсі	Чек листі қолдана отырып бағалау
	СОӨЖ/СӨЖ Ақпараттың компьютерленген жүйесі және мәліметтер базасы көмегімен денсаулықты бағалаудың мүмкіндіктері.	Деректер базасы және денсаулық сақтау ақпаратының компьютерленген жүйелері.	1ОН	2/5	Презентация, реферат	
2/2	Дәріс. Қала тұрғындарына медициналық көмекті ұйымдастыру. Ауыл тұрғындарына медициналық көмекті ұйымдастыру.	Қалалық емхананың құрылымы және жұмысын ұйымдастыру. Халыққа медициналық көмекті ұйымдастырудың учаскелік принципінің мәні. Емхана қызметінің	1ОН	1	Шолулық	Кері байланыс сұрақтары



		негізгі көрсеткіштері.				
	Тәжірибелік сабақ. Халықтың аурушандығы. БДҰ-ға сәйкес аурушандықтың сандық критерилері. (бастапқы аурушандық жиілігінің көрсеткіші, жалпы аурушандық таралуының көрсеткіші, ауырлық көрсеткіші).	Халықтың аурушандығы. Халық аурушандығының жіктелуі. ДДҰ-ға сәйкес аурушандық- тың сандық критерийлері. Сырқаттанушылық критерийлерін есептеу әдістемесі (Алғашқы сырқаттанушылық жиілігінің көрсеткіші, жалпы аурушандық- тың таралу көрсеткіші, жұқтыру көрсеткіші).	2ОН 5ОН	2	Оқу кейсі	Чек листі қолдана отырып бағалау
	СОӨЖ/СӨЖ Аурушандық көрсеткіштерін есептеу және талдау. Мүгедектік.	Аурушандық, мүгедектік және өлім көрсеткіштері. Көрсеткіштерді есептеу.	1ОН	2/5	Презентация, реферат	
3/3	Дәріс. Денсаулық сақтаудағы кәсіпкерлік. Қазақстандағы денсаулық сақтаудың модернизациясы. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды (МӘМС) енгізу.	Денсаулық сақтаудағы кәсіпкерлік түрлері. Денсаулық сақтау жүйесін жаңғыртудың негізгі пункттері. МӘМС денсаулық сақтаудың нарықтық жүйесіне енгізудің артықшылықтары мен кемшіліктері.	3ОН	1	Мәселелік	
	Тәжірибелік сабақ. Медициналық көмектің негізгі түрлері. Көмек көрсетудің формалары. Жас-жыныстық топтардың денсаулығы: балалар, жасөспірімдер, ересектер.	Медициналық көмектің түрлері. Медициналық көмекті ұсыну нысандары. Балалар мен жасөспірімдерді денсаулық топтарына бөлу қағидасы. Ересектерді денсаулық топтарына бөлу қағидасы. Ересектерді 3 топқа, ал балалар мен жасөспірімдерді 5 топқа бөлу ерекшеліктері.	1ОН	3	Оқу кейсі	Чек листі қолдана отырып бағалау
	СОӨЖ/СӨЖ Балаларға емдік-профилактикалық көмекті ұйымдастыру.	Балаларға емдеу-профилактикалық көмек көрсететін ұйымдардың түрлері. Балалар мен жасөспірімдерге көрсетілетін медициналық көмектің ерекшелігі.	1ОН	2/4	Презентация реферат	



4/4	Дәріс. Этика: түсінігі, анықтамасы, мағынасы. Этиканың пайда болу себептері мен шығу тегі. Этиканың теориялық негіздері.	Денсаулық сақтау этикасы. Денсаулық сақтау мамандарының қызметін реттейтін құжаттар.	2ОН	1	Шолулық	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Денсаулық сақтаудағы саясат. МӘМС енгізудегі өзгерістерге сәйкес халықты мемлекеттік және кепілдік медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету. МӘМС және ТМККК шеңберіндегі коронавирустық инфекция.	ҚР Денсаулық сақтау саласындағы саясаты. МӘМС енгізу жолдары. МӘМС-міндеттері мен қызметтері.	3 ОН	2	Оқу кейсі	Чек листі қолдана отырып бағалау
	СОӨЖ/СӨЖ Акушерлік – гинекологиялық көмекті ұйымдастыру.	Акушерлік-гинекологиялық көмекті ұйымдастыру және көрсету ерекшеліктері. Осы типтегі ұйымдардың негізгі функциялары мен міндеттері.	3ОН	2/5	Презентация Реферат	
5/5	Дәріс. Медициналық ғылым мен тәжірибенің арнайы гуманистика ерекшелігі.	Этиканың гуманистік ерекшелігі. Адам алдындағы моральдық-адамгершілік жауапкершіліктің негізгі ұғымдары.	4ОН	1	Мәселелік	
	Тәжірибелік сабақ. Денсаулық сақтаудағы менеджмент.	Денсаулық сақтаудағы менеджмент. Денсаулық сақтаудағы менеджмент функциялары. Денсаулық сақтаудағы маркетинг. Билікті көшбасшылық және этикалық пайдалану.	2ОН	2	Оқу кейсі	Чек листі қолдана отырып бағалау
	СОӨЖ/СӨЖ Мамандандырылған көмектің кейбір түрлерін ұйымдастыру.	Мамандандырылған көмек түрлері. Мамандандырылған медициналық көмек көрсететін ЕПМ ұйымдастыру ерекшеліктері.	2ОН	2/5	Презентация Реферат	
6/6	Дәріс. Кәсіби этика – түсінігі, анықтамасы,	Медициналық ұжымдағы этикалық	1ОН	1	Шолулық	Кері байланыс



	мағынасы. Зерттеу этикасы.	қарым-қатынас. Медициналық зерттеулерде қолданылатын этикалық қарым-қатынас ерекшеліктері.				сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Медициналық деонтологияның концепциясы. Қазақстан дәрігерлерінің анты. ҚР дәрігердің этикалық Кодексі.	Медициналық деонтология- анықтамасы, негізгі принциптері. Гиппократ анты және ҚР дәрігерінің анты. Дәрігердің және денсаулық сақтау қызметкерінің этикалық кодексі. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің Ар- намыс кодексі.	5ОН	3	Оқу кейсі	Чек листі қолдана отырып бағалау
	СОӨЖ/СӨЖ Денсаулық сақтаудағы сапаны бақылау: стандартизациялау, лицензиялау және медициналық қызметті аккредитациялау.	Денсаулық сақтаудағы стандартизация, лицензия және аккредитация үрдістерінің жүргізілу тәртібі, қойылатын талаптар.	2ОН	2/4	Презентац ия Реферат	
7/7	Дәріс. Медициналық көмек көрсетудің әртүрлі кезеңдерінде дәрігерлердің науқастармен кәсіби қарым-қатынасының медициналық-этикалық ерекшеліктері.	Медициналық көмек көрсету кезеңдері. Роберт Винч бойынша дәрігерлер мен пациенттердің өзара қарым-қатынасы. Пациент, оның туыстары және дәрігер арасындағы қарым- қатынастың басқа да модельдері.	5ОН	1	Шолулық	
	Тәжірибелік сабақ. Медициналық қызметтің реттелуі. Құқық: анықтамасы, түсінігі. Науқастың құқығы. Медициналық қызметкердің құқықтары мен міндеттері.	Құқық-түсінігі, анықтамасы, мақсаты. Науқастың құқықтары. Медицина қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері.	4ОН	2	Оқу кейсі	Чек листі қолдана отырып бағалау



	<p>СОӨЖ/СӨЖ</p> <p>Науқас клиент ретінде. Дәрігер медициналық қызметтерді "сатушы" ретінде. Науқастың игілігі мен қаржылық пайдасы арасындағы жанжал.</p>	<p>Медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы-еңбек ету қабілетінен ұзақ және тұрақты (тұрақты) айрылуына сараптама жүргізетін орган. МӘСК-тің негізгі функциялары мүгедектік тобын белгілеу және оның себептерін анықтау болып табылады. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы деп адам ағзасына оның факторларының қауіпті және зиянды әсері жоқ және оның тіршілік етуі үшін қолайлы жағдайлар бар адамдардың қоғамдық денсаулығы мен тіршілік ету ортасының жай-күйі түсініледі. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы "мемлекеттік және ведомстволық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау жүйесімен" қамтама сыз етіледі. Студенттердің қорытынды білім деңгейі.</p>	50Н	2/5	Презентация реферат	
8/8	<p>Дәріс. Заманауи медицинаны цифрландыру жағдайындағы құпиялылық ережелері.</p>	<p>Денсаулық сақтаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі (БҰДЖ). Денсаулық сақтау порталы e-gov.kz. Заманауи медицинаны цифрландырудың бастауы. Жеке тұлғаның құпиялылығы мен ұрлығы мәселелері.</p>	60Н	1	Шолулық	
	<p>Тәжірибелік. Емдік профилактикалық</p>	<p>Денсаулық сақтау қызметкерлерінің</p>	20Н	2	Оқу кейсі	Чек листі қолдана



	мекемелердегі дәрігерлердің мейірбикелермен және басқа мамандармен қатынастарының этикалық аспектілері.	Этикалық кодексі. Медицина қызметкерлерінің Ар-намыс кодексі. Топ ішіндегі коммуникациялар.				отырып бағалау
	СОӨЖ/СӨЖ. Денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін талдау. Медициналық әлеуметтік сараптамалық комиссияны ұйымдастыру. Санитарлық-эпидемиологиялық қызметті ұйымдастыру.	Медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы-еңбек ету қабілетінен ұзақ және тұрақты (тұрақты) айрылуына сараптама жүргізетін орган. МӘСК-тің негізгі функциялары мүгедектік тобын белгілеу және оның себептерін анықтау болып табылады. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы деп адам ағзасына оның факторларының қауіпті және зиянды әсері жоқ және оның тіршілік етуі үшін қолайлы жағдайлар бар адамдардың қоғамдық денсаулығы мен тіршілік ету ортасының жай-күйі түсініледі. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы "мемлекеттік және ведомстволық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау жүйесімен" қамтама сыз етіледі.	10Н	2/5	Презентация реферат	
	Аралық бақылау -1					
9/9	Дәріс. Діни ағымдар және медициналық биоэтика: өзара әрекеттесу формалары, оң және теріс жақтары.	Өртүрлі діни ағымдар мен медициналық биоэтиканың өзара іс-қимылының ерекшеліктері.	3ОН	1	Шолу Мәселелік	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. т"Драмалық медицина" (дәрігерлердің өз тәжірибелерін жүргізудің тарихы мен	Глязер Г. "Драмалық медицина" кітабынан алынған негізгі үзінділер. Нюрнберг кодексінің құрылу	5ОН	3	Оқу кейсі	Чек листі қолдана отырып бағалау

	этикасы). Ұлтшыл медицина қызметкерлеріне сот. Нюрнберг кодексі.	тарихы. Нюрнберг кодексінің мәні, мақсаттары мен міндеттері. Нюрнберг Кодексі мен заманауи медициналық биоэтиканың өзара байланысын табу.				
	СОӨЖ/СӨЖ Денсаулық сақтаудағы сапаны бақылау: стандартизациялау, лицензиялау және медициналық қызметті аккредитациялау.	Денсаулық сақтаудағы стандартизация, лицензия және аккредитация үрдістерінің жүргізілу тәртібі, қойылатын талаптар.	4ОН	2/4	Презентация реферат	
10/10	Дәріс. Зерттеу биоэтикасындағы ерікті ақпараттандырылған келісім. Компетентті және компетентті емес науқастың түсінігі.	Ерікті ақпараттандырылған келісім ұғымы және оны медициналық биоэтикада қолдану. Құзыретті және құзыретті емес науқас ұғымдары.	2ОН	1	Мәселелік	Кері байланыс сұрақтары
	Тәжірибелік сабақ. Этикалық нормалардың әмбебаптығы және адамгершілік таңдаудың бірегейлігі.	Әділдік қағидалары. Этикалық норманың жалпы түсінігі. Адамгершілік таңдау және мораль. Медицинадағы адамгершілік таңдаудың бірегейлігі.	3ОН	2	Оқу кейсі	Чек листі қолдана отырып бағалау
	СОӨЖ/СӨЖ Р. Витч бойынша науқас пен дәрігер арасындағы қарым-қатынастардың модельдері.	Американдық биоэтик Роберт Витч қазіргі заманғы мәдениетке тән дәрігер-пациент қарым-қатынасының төрт моделін бөледі: инженерлік, пастыр (патерналист), алқалы және келісім-шарт. Витч тұрғысынан алғанда, бұл модельдер өзінің моральдық мәні бойынша тең емес және неғұрлым негізделген - келісімшарттық инженерлік үлгінің моральдік тұрғыдан негізделген иерархиясы болып табылады.	1ОН	2/5	Презентация реферат	
11/11	Дәріс. Адамның репродукциясына	Адамның репродуктивті жүйесіне медициналық	4ОН	1	Мәселелік	Кері байланыс



	<p>медициналық араласу: тарихи, әлеуметтік, моральдық, құқықтық және діни контекст. Репродуктивті денсаулық. Репродуктивті таңдау. Репродуктивті құқықтар.</p>	<p>араласудың түрлері. Репродуктивті құқықтар саласындағы нормативтік реттеу, сондай-ақ "репродуктивті денсаулық" және "репродуктивті таңдау" ұғымы.</p>				сұрақтары
	<p>Тәжірибелік сабақ. Шынайылық ережесі. Инкурабельді науқастар және шынайылық.</p>	<p>Білікті және білікті емес пациенттер. Шынайылық ережесі және инкурабельді науқастар.</p>	4ОН	2	Оқу кейсі	Чек листі қолдана отырып бағалау
	<p>СОӨЖ/СӨЖ Құпиялылық принципін бұзғаны үшін дәрігерлердің жауапкершілігі. Рұқсат етілген құпиялылық.</p>	<p>Жауапкершіліктің түрлері. Медициналық құпияны құрайтын ақпарат беруге азаматтың немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз жол берілетін жағдайлардың тізбесі. Бұл мүмкін: өзінің жағдайына байланысты өз еркін білдіре алмайтын азаматты тексеру және емдеу мақсатында; жұқпалы аурулардың таралу қаупімен, жаппай улану мен жарақаттармен; тергеу немесе сот талқылауына байланысты анықтау және тергеу органдарының, прокурордың және соттың талап етуі бойынша; 15 жасқа толмаған кәмелетке толмағанға (және есірткіге тәуелді болған - 16 жасқа толмаған) көмек көрсеткен жағдайда оның ата-анасына немесе заңды өкілдеріне хабарлау.</p>	3ОН	2/5	Презентация реферат	
12/12	<p>Дәріс. Медициналық биоэтика және репродуктивті денсаулыққа әсер ету</p>	<p>Контрацепция және стерилизация ұғымдары және олардың репродуктивті</p>	2ОН	1	Мәселелік	Кері байланыс сұрақтары



	тұрғысынан Контрацепция және стерилизация.	денсаулыққа әсері.				
	Тәжірибелік сабақ. Трансплантологиядағы үйлесімді ережесі. Ағзаларды тірі донорлардан ауыстырудың биоэтикалық және моральдық аспектілері. Мәйіттен мүшелерді алудың моральдық мәселелері. Мәйіттерден мүшелерді алу түрлері және олармен байланысты моральдық және құқықтық мәселелер.	Ереже үйлесімді қазақстанда трансплантология. Ағзаларды тірі донорлар мен мәйіттерден ауыстырудың биоэтикалық және моральдық аспектілері. Мәйіттен мүшелерді алу түрлері. Ағзалар мен тіндерді бөлудің медициналық критерийлері (гистосмастылық, кезекпен).	50Н	3	Оқу кейсі	Чек листі қолдана отырып бағалау
	СОӨЖ/СӨЖ. Консилиум және дәрігерлік құпия. Жеке тәжірибе жағдайындағы консилиум. Консилиум және ятрогениялық аурулардың қауіпі (полипрагмазия).	Консилиум (лат. consilium — "кеңес, талқылау") — бір немесе түрлі мамандықтардың бірнеше ғалымдарының кеңесі. Консилиум зерттелетін адамның денсаулық жағдайын, диагнозын, болжамын, одан әрі тексеру мен емдеу тактикасын, мамандандырылған бөлімшелерге немесе басқа бейінді, емдеу мекемесіне жіберудің орындылығын анықтау үшін қажет болуы мүмкін.				
13/13	Дәріс. Әлеуметтік маңызды аурулар- зерттеу әдістері және олардың биомедициналық зерттеулер жүргізудегі рөлі.	Әлеуметтік маңызы бар аурулар және олардың биомедициналық зерттеулер жүргізудегі рөлі. Әлеуметтік маңызды ауруларды зерттеу әдістері.	10Н	1	Мәселелік	
	Тәжірибелік сабақ. Науқастың туыстарымен қарым- қатынас және құпиялылық.	Құпиялылық қағидасы. Базалық коммуникативтік дағдылар. Пациент қағидасы-орталықтанған тәсіл. Ятрогении және құпиялылық қағидасы.	40Н	2	Мәселелік	



	<p>СОӨЖ/СӨЖ. Трансплантологиядағы коммерциализация тенденциялары. Трансплантациялауға арналған органдар мен тіндердің саудасаттығына моральдық-құқықтық шектеулер.</p>	<p>Трансплантация (лат. Transplantare - «трансплантациялауға») - зақымдалған немесе жетіспейтін тіндерді немесе мүшелерді өз тіндерімен немесе басқа ағзадан алынған тіндермен және мүшелермен ауыстыру. Мәселенің күрделілігі 2 критерийдің - медициналық және құқықтық тығыз үйлесімінде. Яғни, тіндердің биологиялық үйлесімсіздігін жою, транспланттау әдісін жасау және енгізу, биологиялық мақсаттылық тұрғысынан ағзалар мен тіндерді алу сәтін анықтау сияқты тікелей медициналық «техникалық» мәселелерден басқа және басқалары, көптеген заңды аспектілері бар. Мәселенің өзектілігі әр жағдайда оның екі адамның - донор - трансплантациялау үшін ағзаларын немесе тіндерін бере алатын адамның - және реципиенттің - мұқтаж адамның тағдырын шешумен байланысты болуымен байланысты. осындай трансплантация.</p>	40Н	2	Оқу кейсі	Чек листі қолдана отырып бағалау
14/14	Дәріс. Ағзалар мен тіндерді	Ағзалар мен тіндерді трансплантациялау	50Н	1	Мәселелік	



трансплантациялау. Трансплантация түрлері. Трансплантологиядағы Эксперимент.	түрлері. Трансплантологиядағы эксперименттер.				
Тәжірибелік сабақ. Дәрігерлік қателік және жазатайым жағдай. Заңды және этикалық аспектілердің теңдігі. Әріптестің қателігіне қатынасы: этикалық және заң аспектілері.	Дәрігерлік қателердің жіктелуі. Дәрігерлік қателіктер мен жазатайым жағдайдың этикалық және заңдық аспектілері. Медицина қызметкерлерінің жауапкершілігі.	3ОН	2	Оқу кейсі	Презентация я Реферат
СОӨЖ/СӨЖ Донорлық ағзалардың қорын бөлудегі әділеттілік мәселесі. Бөлудің медициналық критерийлері.	Донорлық органдарды бөлудің әлеуметтік әділеттілік және медициналық негізділік принциптері реципиентті таңдау кезінде міндетті түрде ескерілуі қажет мынадай критерийлерге сәйкес келуі тиіс: 1) донор - реципиент жұптарының үйлесімділік дәрежесі; 2) жағдайдың шұғыл болуы (қауіпті жағдайдағы реципиенттің басымдығы); 3) "күту парағында" болу ұзақтығы.	4ОН	2/5	Презентация я Реферат	
Дәріс Медициналық биоэтикадағы халықаралық ұйымдар және құқықтық реттеу.	Медициналық биоэтика саласындағы халықаралық ұйымдар, сондай-ақ медициналық биоэтикадағы құқықтық реттеу.	5ОН	1	Шолулық	
Тәжірибелік сабақ. Этикалық контекстегі ятрогения сұрағы. Медициналық іс-әрекеттің жағымсыз салдары.	Ятрогендердің жіктелуі. Ятрогения этникалық ерекшеліктері. Медицинадағы қолайсыз нәтижелер.	5ОН	3	Оқу кейсі	Чек листі қолдана отырып бағалау
СОӨЖ/СӨЖ. Ми өлімі диагнозын қоятын, мүшелерді алатын және трансплантация жасайтын, медициналық бригадалардың	Трансплантологиядағы коммерцияландыру үрдістері. Алмастыру үшін органдар мен тіндердің саудасына моральдық шектеулер. Білікті емес	5ОН	2/4	Презентация я Реферат	



	жұмысындағы қаржылық ұйымдастыру тәуілсіздігінің қажеттілігі.	донорлардың, таңдау еркіндігін күрт шектейтін донорлардың мәселелері (қамаудағылар, өлім жазасы).				
	2-аралық бақылау					тестілеу
9.	Оқыту және сабақ беру әдістері					
9.1	Дәріс	Кіріспе, шолу, мәселелік				
9.2	Тәжірибелік сабақ	Оқу кейсі				
9.3	СӨЖ/ОСӨЖ	Брезентация, Реферат				
9.4	Аралық бақылау	Тестілеу				
10.	Бағалау критерийлері					
Әріптік жүйемен бағалау	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау			
A	4,0	95-100	Өте жақсы			
A -	3,67	90-94				
B +	3,33	85-89	Жақсы			
B	3,0	80-84				
B -	2,67	75-79				
C +	2,33	70-74				
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық			
C -	1,67	60-64				
D+	1,33	55-59				
D-	1,0	50-54				
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз			
F	0	0-24				
11.	Оқу ресурстары					
Электрондық ресурстар	Әділет, кодекс және т.б.					
Электрондық оқулықтар	<p>1. Лисицын, Ю. П. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс]: учебник / Ю. П. Лисицын, Г. Э. Улумбекова. - 3-е изд., перераб. и доп. - Электрон. текстовые дан. (43,1Мб). - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).</p> <p>2. Первичная медико - санитарная помощь как приоритет в системе здравоохранения [Электронный ресурс]: лекционный комплекс / ЮКГФА. Кафедра: "Общественное здравоохранение - 1". - Электрон. текстовые дан. - Шымкент: [б. и.], 2015. - эл. опт. диск</p> <p>3. Медик, В. А. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс]: учебник / В. А. Медик, В. К. Юрьев. - Электрон. текстовые дан. (47,6 Мб). - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 608 с. эл. опт. диск (CD-ROM)</p> <p>4. Лисицын, Ю. П. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс]: учебник / Ю. П. Лисицын, Г. Э. Улумбекова - 3-е изд., перераб. и доп. - Электрон. текстовые дан. (40,9 Мб). - М.: Изд. группа "ГЭОТАР-Медиа", 2011. - 544 эл. опт. диск</p> <p>5. Щепин, О. П. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс]: учебник / О. П. Щепин, В. А. Медик. - Электрон. текстовые дан. (43,6 Мб). - М.: Изд. группа "ГЭОТАР-Медиа", 2011. - 592 с. эл. опт. диск (CD-ROM).</p>					
Журналдар (электронды журналдар)	-					
Әдебиет	1. Общественное здравоохранение : учебник / А. А. Аканов [и др.]. - ;					



Одобрено и рек. комитетом по контролю в сфере образования и науки. Мин-ва образования и науки РК. - М. : "Литтерра", 2017. - 496 с

2. Бөлешов, М. Ә. Қоғамдық денсаулық және денсаулықты сақтау: оқулық / М. Ә. Бөлешов. - Алматы : Эверо, 2015. - 244 бет с.

3. Кэмпбелл, А. Медициналық этика : оқу құралы: ағылшын тілінен ауд. / А. Кэмпбелл, Г. Джиллет, Г Джонс ; ред. Ю. М. Лопухин. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 368 бет. с.

Қосымша:

1. Рыманов, Д. М. Денсаулық сақтауды басқару этикасы : оқу-әдістемелік кешен = Этика управления в здравоохранении : учебно-методический комплекс / - Алматы : Эверо, 2015. - 164 бет.

2. Медик, В. А. Общественное здоровье и здравоохранение : рук. к практическим занятиям. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2012. - 400 с. **Электронды басылымдар:**

1. Лисицын, Ю. П. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс] : учебник / Ю. П. Лисицын, Г. Э. Улумбекова. - 3-е изд., перераб. и доп. - Электрон. текстовые дан. (43,1Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт.

2. Медик, В. А. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс] : учебник / В. А. Медик, В. К. Юрьев. - Электрон. текстовые дан. (47,6 Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 608 с. эл.

3. Лисицын, Ю. П. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс] : учебник / Ю. П. Лисицын, Г. Э. Улумбекова. - 3-е изд., перераб. и доп. - Электрон. текстовые дан. (40,9 Мб). - М. : Изд. группа "ГЭОТАР-Медиа", 2011. - 544 эл.

4. Щепин, О. П. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс] : учебник / О. П. Щепин, В. А. Медик. - Электрон. текстовые дан. (43,6 Мб). - М. : Изд. группа "ГЭОТАР-Медиа", 2011. - 592 с. эл. опт. диск (CD-ROM).

5. Медик, В. А. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс] : учебник для мед. училищ и колледжей / В. А. Медик., В. К. Юрьев. - 3-е изд., перераб. и доп. - Электрон. текстовые дан. (37,2 МБ). - М. : Издательская группа "ГЭОТАР- Медиа", 2011. - 288 с. эл. опт. диск.

12. Пән саясаты

1. Оқу үдерісіне белсенді қатысу.
2. Белсенділік болмаған жағдайда және тапсырмаларды орындамаған жағдайда айып шаралары қолданылады және тәжірибелік сабақтың балы төмендейді.
3. Алдағы дәрістің тақырыбы туралы алдын-ала түсінік алу, дәрісте кері байланысқа дайын болу.
4. Командада жұмыс істей білу.
5. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына және оқу-әдістемелік үрдісті жетілдіру бойынша кафедраның іс-шараларына белсенді қатысу.
6. Аудиторияда техника қауіпсіздігін сақтау.
7. Аралық бақылауды белгіленген уақытта тапсыру.
8. Студенттердің білімін аралық бақылау бір академиялық кезең ішінде кемінде екі рет теориялық оқытудың 6/12 күндерінде өткізіліп, қорытындысы оқу үлгерім журналына және электронды журналға айыпбалын есепке ала отырып қойылады. Аралық бақылауға себепсіз келмеген студент пән бойынша емтихан тапсыруға жіберілмейді. Аралық бақылау қорытындысы деканатқа бақылау аптасының соңына дейін баянат түрінде беріледі.
9. СӨЖ-ді кестеде көрсетілген мерзімде міндетті түрде тапсыру, жазбаша жұмыстардың барлық түрлері плагиатқа тексеріледі.
10. СӨЖ - де көрсетілген тапсырмалардың бірнеше түрінен студенттер бір түрін таңдайды.
11. СӨЖ бағасы оқу үлгерімі журналына және электрондық журналға қойылады.



12.Емтиханға жіберу рейтингі тәжірибелік сабақтың, СӨЖ, аралық бақылаудың орташа баллдарынан құралады. Емтиханға жіберу рейтингісін есептеу мысалы: ЖРБ (жіберу рейтингін бағалау) = 80 + 90 + 95 = 87; мұндағы 80-тәжірибелік сабақтардың орташа бағасы; 90-аралық бақылаудың орташа бағасы; 95-СӨЖ орташа бағасы.

13.Студент бақылаудың бір түрінен (ағымдық бақылау, №1 және/немесе №2 аралық бақылау) өтпелі балды жинамаса (50%) , пән бойынша емтиханға жіберілмейді.

13.	Академияның моральдық-этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат
	Академиялық саясат. 4-пункті. Студенттердің Ар-Кодексі. https://base.ukqfa.kz/?page_id=251
	Пән бойынша бағалау саясаты.

14.	Бекіту және қайта қарау		
Кафедрада бекітілген күні	Хаттама № 9 4.05.21	Каф. меңгерушісі Сарсенбаева Г.Ж.	Қолы
ББК мақұлданған күні	Хаттама № 8 21.05.21	ББК төрайымы Досыбаева Г.Н.	Қолы
Қайта қарау күні	Хаттама № ___	Каф. меңгерушісі Сарсенбаева Г.Ж.	Қолы
ББК қайта қарау күні	Хаттама № ___	ББК төрайымы Досыбаева Г.Н.	Қолы

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы

044-58/16- ()

Пәннің жұмыс бағдарламасы (Силлабус)